



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ҚЕАҚ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА»

«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР, БОЛАШАҒЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР

ЖИНАҒЫ

17 сәуір, 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«ТРАНСВЕРСАЛЬНЫЕ НАВЫКИ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ»

17 апреля, 2024 года



АСТАНА
2024

УДК 378
ББК 74.58
Т66

Асылбекова М.П

**«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР,
БОЛАШАҒЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

ISBN 978-601-337-983-8

Т66 «Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделін әзірлеу және енгізу (Финляндия, Эстония тәжірибесі негізінде)» тақырыбындағы 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясындағы «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (Астана қ., 17 сәуір, 2024ж.)/ М.П.Асылбекова.© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024., - 311б.

ISBN 978-601-337-983-8

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены материалы международной научно-практической конференции «Трансверсальные навыки: опыт, проблемы, перспективы».

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-337-983-8

© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024 -ISBN

Редакция алқасы:

Асылбекова М.П. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Сейітқазы П.Б. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

МАЗМҰНЫ

№	Автор(лар), мақала тақырыбы	Беттер
Пленарлық мәжіліс		
1	Асылбекова М.П., Отарова Т.Н. Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамыту тәжірибесі	3
2	Mourat Tchoshanov Designing and studying stem learning in digital age via blended approach of engineering, learning sciences, and didactics	9
3	Ширбачеева Г.Ш. Педагогические вызовы современности: поиск новых подходов к образованию в социокультурной ситуации	12
4	Вахидова Л. В. Теория и технология профессионального развития педагога в контексте трансверсальности	15
5	Кожамкулова Г.Е. Интеграция трансверсальных навыков в содержание куррикулума» (на примере куррикулума Назарбаев Интеллектуальных школ)	20
6	Садикова Ш.А. Теоретико-методологические представления об образовательной среде и основаниях ее проектирования	25
7	Ахмедьянова А.Х. Демонстрация как инструмент оценки профессиональных и трансверсальных компетенций будущих педагогов	30
8	Санатбай П.А. Кәсіби даярлау үдерісінде Soft skills дағдыларын дамыту: шетел тәжірибесі	33
9	Шабаева Г. Ф., Яшина В. И., Чинаева З. М. Инновационная подготовка студентов в полилингвальной и цифровой профессиональной среде по дошкольному профилю в рамках речевого развития детей.	39
10	Baimuldinova G. Thriving in transition: how transversal skills support students in university socium	43
1 СЕКЦИЯ: ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ		
11	Сейітказы П.Б., Махмут Читиль, Ырымбаева Н.А. Медиабілім үдерісінде трансверсалды дағдыларды дамыту	51
12	Абильдина С.Қ., Мукушева А.Н., Дагарова Ж.У. Шағын жинақты бастауыш сынып оқушыларының трансверсалды дағдыларын дамытудың теориялық негіздері	55
13	Абдуллаева Н. М. Тенденции развития образования на современном этапе образовательного процесса	58
14	Абдуллаева Н. М., Шербачеева Л.С. Использование технологий 4К для стимулирования ученической мотивации	62
15	Сламбекова Т.С., Шакаримова К. К. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудағы трансверсальды дағдылардың мүмкіндіктері	66
16	Есекешова М.Д., Тастанбекова Н.Д., Аубакиров А.К. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру - басты міндет	72
17	Ботабаева А.Е., Ажибаева Р. Е. Болашақ педагогтердің трансверсалды дағдыларын қалыптастыруда онлайн оқыту платформаларын пайдаланудың маңыздылығы	77
18	Сейітказы П.Б., Кошанова М. Т. Медиа құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық функциялары	81
19	Шаханова Э.А. Педагогикалық білімнің қолданылу ерекшеліктері	86

20	Otarova T. N., Zhanabaeva A.K. The importance of internet resources in learning	90
47	Молдабай А.М., Саурыкова Ж.М. Issues of terminology systematization»	190
48	Салкынбаева А.М. Тиімді оқыту және тәлімгерлік құпиялары	192
49	Тнимова Ю.М., Нурманалиева У.Т. Compound complex sentences in the english language	196
50	Seisebayeva B.T.,Tolkumbekova A. K. «E-learning as one of the forms of implementation of the learning process»	198
51	Seisebayeva B.T. Peculiarities of development of modern methods in foreign language teaching	202
52	Seitova Z.A. The study relevanceof future teachers’ social intelligence	207
53	Toregeldieva A. N., Tulebayeva S.K. Using a foreign language in information technology in modern conditions	212
54	Хасенқызы Т., Акрамова Ә.С. Білім беруді цифрландырудағы тәуекелдер	215
55	Аканова А. А., Искакова М. О. Оқытудың белсенді әдістері – сапалы білім беру негізі	221
56	Гайбуллаева С. С., Уалиева Н. Жастармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстың ерекшеліктері	224
57	Калматаева А. М., Калымбетова Д. Ж. Церебральды сал ауруына шалдыққан балаларға арналған логопедиялық түзету жұмыстарының әдістемесі	229
58	Кошимбетова З. Д., Наурызбай Д. Б., Абдигаппарова А.Е. Вербализм вербальды балаларды диагностикалауға арналған тапсырмалар	233
59	Санбаева Б., Есенова К. Сравнительный анализ процессов социально-педагогической адаптации иностранных студентов в образовательных учреждениях Казахстана и Турции: вызовы, стратегии и перспективы»	235
60	Рсалы Г. М.Даярлық тобы балаларын мектепке дайындау мәселелері	243
61	Кәдірбай Ә. Б., Шамбулкерева Б.Н., Нұрхан Д. Е. Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту жолдары мен әдіс-тәсілдері	247
62	Дарменова А.Е Цифрлану жағдайында білім алушылардың трансверсалды дағдыларын дамытудың маңыздылығы	252
63	Аликулова С. А., Болатқызы А. Аутизм – психикалық дамудың бұзылуы	257
64	Гайбуллаева С. С., Алыбай Ж. Жасөспірімдік агрессия – әлеуметтік-педагогикалық мәселе	261
65	Байқоңырова Ж. Балалардағы дизартрия бұзылысына жалпылама сипаттама	265
66	Ахметова Т.Ш. Интертеймент технологиясының заманауи білім берудегі маңызы	268
3 СЕКЦИЯ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ БҮЙІНШІ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ		
67	Сламбекова С.Т. Дарынды балалардың әлеуметтік - эмоционалды әл-ауқатын психологиялық қолдаудың ерекшеліктері	273
68	Ныгманбеков К. М. Педагогтердің кәсіби даму мониторингін зерделеу арқылы даму жоспарын әзірлеу	276
69	Мамыракина Ф. С. Тіл сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының креативті жазылым дағдыларын дамыту»	280
70	Шаханова Э.А., Сманова Л.У. Влияние стиля воспитания на специфику семейных конфликтов в подростковом возрасте	290
71	Ыбырайқызы А., Нұғыманова Н. Ә. Ертегі - халық педагогикасының көне жауһары	297
72	Тусипжанов Б.А. Кемпіркосақ» бейнелеу өнері үйірмесі	301
73	Аханова А. К. Мағжанның маржан мұрасы	304

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТРАНСВЕРСАЛЬДЫ ДАҒДЫЛАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Сламбекова Толқын Сламкуловна

tolkyn_1969@mail.ru

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ,
Астана, Қазақстан

Шакаримова Куралай Калымкожановна

vip.shakarimova!@mail.ru

«Педагогика және психология» БББ докторанты, Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ Астана,
Қазақстан

Аннотация. Мақалада болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастыру процесіндегі трансверсальды дағдылардың алатын ролі туралы баяндалған. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау негізінде трансверсальды дағдылардың мәні мен мазмұны және олардың кәсіби қалыптасудағы маңызы туралы сипатталған. Трансверсальды дағдылар мен кәсіби имидж ұғымының арақатынасы, дағдылардың кәсіби имиджді қалыптастыруға қалай ықпал ететіндігі қарастырылған. Имидж, кәсіби имидж және оның құрамдас бөліктері сипатталған. Болашақ педагог-психологтарды кәсіби даярлау жүйесінде трансверсальды дағдылар негізінде кәсіби имиджді қалыптастыру процесінің мазмұны ашып көрсетілген.

Annaotation. The article describes the role of transversal skills in the process of forming the professional image of future teacher-psychologists. Based on the analysis of scientific and pedagogical literature, the meaning and content of transversal skills and their importance in professional formation are described. The relationship between transversal skills and the concept of professional image, how skills contribute to the formation of professional image is considered. Image, professional image and its components are described. The content of the process of forming a professional image based on transversal skills in the system of professional training of future pedagogues-psychologists is disclosed.

Түйін сөздер: Кәсіби имидж, трансверсальды дағдылар, трансверсальды құзыреттілік, ХХІ ғасыр дағдылары, трансверсальды дағдылар негізінде кәсіби имиджді қалыптастыру.

Keywords: Professional image, transversal skills, transversal competencies, skills of the 21st century, formation of a professional image based on transversal skills.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай отырысында «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты сөйлеген сөзінде маңызды құндылықтардың бірі ретінде – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық деп атап өтеді. Өз кәсібін өте жақсы білетін, оған әбден берілген, еңбекқор адам ғана табысқа жете алады, - дей келе кәсіби білікті мамандарды қалыптастыру қажеттігін баса айтады. Ал оған қол жеткізудің бір жолы жасампаздық пен жаңашылдыққа ұмтылу деп көрсетіп, оны өте жылдам өзгеріп жатқан қазіргі әлемде ұлттың бәсекеге қабілетті болуының басты шарты дейді. Озық дамыған мемлекет құру үшін біздің азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы керек деп қазіргі ХХІ ғасырдың маңызды дағдыларының бірі болып отырған трансверсальды дағдыларды және кәсіби біліктілікті дамыту қажеттігін негіздей түседі [1].

Қазіргі еңбек нарығында әлеуметтік дағдылар, лидерлік қасиеттер, басқарушылық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген кәсіби білікті мамандарға деген сұраныс жоғары. Сондықтан да болашақ педагог-психологтардың кәсіби қалыптасуы процесінде олардың трансверсальды дағдыларын дамыту негізінде кәсіби шыңдалуына

жағдай жасауды қажет етеді. Трансверсальды дағдылар тұлғалық, академиялық және әлеуметтік контекст тұрғысынан алғанда маңызды, себебі олар адамдарға өзгермелі қоғамда жылдам бейімделуге, қарым-қатынас жасауға және түрлі жағдайларда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеуші Т.Н. Отарова мақаласында «Трансверсальды құзыреттілік» ұғымы 1970 жылдарды Еуропада қолданыла бастады дей келе, оны алғаш рет Э. Форд «Learning to be: The World of Education Today and Tomorrow» атты баяндамасында ұсынды деп көрсетеді. Ол трансверсальды құзыреттілікті «үздіксіз білім алушы» және «білім алушы қоғам» тұрғысынан қарастырған [2]. Қазіргі уақытта трансверсальды дағдыларды қалыптастыру аса маңызды мәселелердің бірі екендігін ЮНЕСКО-ның осы дағдыларды (құзыреттіліктеді) арнайы қарастыруы да дәлелдей түседі. ЮНЕСКО трансверсальды дағдыларға келесідей дағдыларды жатқызады: сыни және жаңашыл ойлау, тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары, тұлғашылық дағдылар, жаһандық азаматтық, ақпараттық сауаттылық және басқалар. Бұл дағдылар жұмыс, оқу немесе тәжірибе саласына қатысты емес әр түрлі жағдайларда қолданылатын дағдылар деп көрсетеді [2]. Бұл анықтамалардан көріп отырғанымыздай трансверсальды дағдылар өмірдің әр жағдайы үшін қажетті әмбебап дағдылар екенін байқауға болады және ол кәсіби іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға және кәсіби шеберлік шыңына жетуге ықпал ететіндігін байқатады.

Бұл ойды шетелдік ғалымдардың берген анықтамасы дәлелдей түседі. О.Н. Мухидова Клаудиу Ланга «трансверсальды құзыреттілік ... белгілі бір сала шеңберінен шығатын дағдылар, олар кәсіби құзыреттілікті бекіте түседі» деп көрсетіледі. Ал Холлис Эшбо, Карла М. Джонстон (2000), П. Де Ланге, Б. Джеклинг «трансверсальды құзыреттіліктер – кәсіби құзыреттіліктерді толтыру үшін және белгілі бір салада жетістікке жету үшін қажетті дағдылар жиынтығы», - деп анықтайды [3]. Бұл анықтамалардан көріп отырғанымыздай трансверсальды дағдылар кәсіби іс-әрекетте белгілі бір жетістікке қол жеткізуге ықпал ететіндігін байқауға болады. Сондықтан да біз өз зерттеуімізде болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастыруда трансверсальды дағдылар маңызды роль атқарады деп есептейміз. Трансверсальды дағдылар қазіргі қоғамда әсіресе жылдам өзгеріп жатқан еңбек нарығында, жаңа кәсіби және ғылыми салалар пайда болып жатқан кезде маңызды бола түсіп отыр. Олар педагог-психологтың кез-келген саладағы талантын және әлеуетін бекіте түседі. Лидерлік, топпен жұмыс жасау және тұрақтылық сияқты маңызды трансверсальды дағдылар педагог-психологтың кәсіби қызметі үшін де аса маңызды бола отырып, кәсіби іс-әрекет барысында туындаған қиындықтардан шығуға және кәсіби іс-әрекеті барысында өмір бойы білім алуына және өзін-өзі жетілдіруіне ықпал етеді.

Трансверсальды дағдылар болашақ маманның еңбек нарығында сұранысқа ие болуына себепші болатын ХХІ ғасыр дағдылары, яғни атап айтқанда коммуникативтілік, стресске төзімділік, лидерлік, мәселелерді жылдам шеше алу, топта жұмыс жасай алуы сияқты дағдылардан құралады. Аталған дағдылар болашақ педагог-психологтың кәсіби қызметінде де маңызды роль атқарады, себебі ол адам-адам жүйесінде жұмыс жасайтын мамандық болғандықтан педагогикалық процеске қатысушылар арасында туындауы мүмкін жағдайлардың алдын-алуға және туындаған қақтығыс жағдайларын шешуге бағытталған жұмыс жүйесін атқарады.

Трансверсальды құзыреттіліктерді үш категорияға бөлуге болады деп көрсетеді О. Н. Шульц пен Н. Н. Ильина: инструментальды, тұлғааралық және жүйелік [4]. Инструментальды құзыреттіліктер – бұл инструментальды қызмет атқаратын дағдылардан – когнитивтік, яғни ойлар мен идеяларды түсіну және қолдану қабілеті; әдіснамалық дағдылар кәсіби-педагогикалық ортада өзара әрекеттесу үшін қажетті дағдылар: уақытты жоспарлау және оқыту стратегиялары, шешімдер қабылдау немесе мәселені шешу; технологиялық дағдылар – техникалық құралдарды, компьютерді пайдаланумен байланысты және ақпаратты басқару дағдылары; лингвистикалық дағдылар – ауызша және жазбаша қарым-қатынас және басқа тілді білуі сияқты дағдылардан құралады. Ал тұлғааралық құзыреттіліктерге ынтымақтастық және әлеуметтік өзара әрекеттесу процесін жеңілдететін дағдылар: жеке

дағдылар – өз ойларын, сезімдерін білдіре алатын, сын айта алатын және сынды конструктивті түрде қабылдау дағдысы; әлеуметтік және тұлғааралық дағдылар – топта жұмыс жасай алу және этикалық және әлеуметтік міндеттемелерді әлеуметтік қол жетімді жолмен жеткізе алу қабілеттерінен құралады. Ал жүйелік немесе интегративтік құзыреттілікке жалпы алғанда білім беру процесін меңгеруі және соған қатысты іскерліктерден тұрып, олар педагогикалық процесті жоспарлау және басқаруға мүмкіндік береді.

О. Н. Шульц пен Н. Н. Ильина ұсынып отырған трансверсальды құзыреттіліктер категориялары педагог-психологтың жұмыс мамұнын кәсіби тұрғыда толықтыра түсуге көмектеседі. Себебі 2022 жылғы 26 тамызда қабылданған «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларында» педагог-психолог өз қызметін диагностикалық, консультациялық, дамытушылық (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар бойынша жүзеге асырады деп көрсетілген [5]. Педагог-психолог қызметіндегі бұл бағыттарды жүзеге асыруда трансверсальды дағдылардың әрбіреуінің маңызы жоғары. Себебі педагог-психолог Адам-Адам жүйесіндегі мамандықтар қатарына жататындықтан ХХІ ғасыр дағдылары атанып кеткен дағдылар психологиялық қызметті сәтті жүзеге асыруға ықпал етеді. Сондықтан да болашақ педагог-психологтарды даярлау барысында олардың трансверсальды дағдыларын дамытуға көңіл болу арқылы олардың болашақтағы кәсіби имидждерін қалыптастыру мүмкін болады. Осылайша, трансверсальды дағдылар кәсіби имиджді қалыптастыруда басты дағдылар болып табылады.

«Имидж» ұғымы пәнаралық ғылыми категория, бұл ұғымды саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, экономика, философия және педагогика ғылымдары қарастырады. «Имидж» ұғымы Р. Арнхейм, П. Берд, В. Липман, Е. В. Русской, В. Франкл, Э. Фромм, В. Н. Черепанова, В. М. Шепел және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Сондай-ақ бірқатар ғалымдар (В. Л. Бенин, Л. А. Волович, Л. Б. Соколова) имиджді педагогикалық іс-әрекеттің көрсеткіші ретінде анықтаса, О. А. Абдуллина, О. С. Газман, Н. В. Кузьмина, В. А. Сластенин, И. Е. Щуркова мұғалімнің кәсіби сапасы деп қарастырады. Мұғалімнің тұлғасын, кәсіби сапаларын және әлеуметтік мәртебесін Л.И. Авраменко, Л. Г. Борисова, В. Г. Вершловский, А.М. Дробижев, З.Р. Евсеева, Н.М. Жалагина, Т.А. Журавлев, Ф. Г. Зиятдинова, О.Н. Козлова, В.Ф. Курлов, Т.В. Кудерская, Л.М. Митина, Е.И. Рогов, Е. Н. Русская, Г.В. Солодова, Н.А. Тарасенко, В. В. Тумалев, В. Н. Турченко, И. С. Чупахин, В. М. Шепель, А. Г. Эфендиев зерттеген.

Ал жоғары мектеп педагогтарының бейнесі және ондағы өзгерістер қарқыны туралы М.Б. Буланова, Е.А. Володарская, В. Жураковский, О.Н. Козлова, А. С. Кокарев, В. С. Корольков, А. Г. Крухмалев, И. Б. Назарова, Н.Б. Николюкина, Ю.П. Петров, В.П. Подвойский, В. Приходько, В. А. Садовничий, Д. В. Стрелков, И.П. Чертыковалар өз зерттеулерін арнаған.

А.А. Калюжный мұғалім имиджінің әлеуметтік-психологиялық негіздерін, Т.В. Черникова мұғалім имиджінің құрылымын, оны қалыптастыру механизмдерін қарастырады және түзету әдістерін ұсынады. Ал А.С. Никоненко жас мұғалімдерді кәсіби қызметке бейімдеу процесінде мұғалім имиджінің рөлін зерттейді. И.В. Вачков, О. Ю. Лазебникованың зерттеуінде мұғалімнің имиджі мен оның кәсіби құзыреттілігі арасындағы байланыс қарастырылады, сонымен қатар жағымды имиджді қалыптастыру әдістері ұсынылады.

ХХ ғасырдың 90 жылдарынан бастап қазақстандық зерттеушілер кәсіби имидж мәселесін белсенді зерттей бастады, Н.Ж. Жексенбиева, Г.Қ. Шырынбаева педагог имиджінің мазмұны мен құрылымын, Ә.М. Құдайбергенова, А. Смайлова педагог имиджі мәселесін зерттеудің теориялық негіздерін талдайды. А.К. Мынбаева, А. Жаманкулова мұғалім және оқытушы имиджіне салыстырмалы талдау жасаса, Г.К. Кусаметова ЖОО оқытушысының имиджін қалыптастырудың педагогикалық ерекшеліктерін зерттейді.

Кәсіби имиджді қалыптастыру мәселесін зерттеу қажеттілігін халықаралық зерттеулер

де негіздей түседі. Скопус базасында тіркелген «Білім беру және көшбасшылық салаларын басқарудағы зерттеулер» журналында жарияланған Сонер Полаттың білім беру саласындағы имидж мәселесінің зерттелуіне (2002-2022жж) жасалған әдебиеттерге жүйелік талдауы оған дәлел болады [6]. Автор ХХІ ғасырда мұғалімдерің кәсіби имиджін қалыптастыру саласына қатысты Скопус базасында жарияланған 271 мақалаға сараптама жасап, оның тек 48 мақаласы тікелей педагогтың кәсіби имиджіне қатысты екендігін көрсетіп әдебиеттерге жүйелік шолу жасайды. Автор өз зерттеуінде педагогтардың кәсіби имиджін қалыптастыру әлі де болса зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе екендігі туралы тұжырым жасайды. Осылайша, шетелдік және отандық әдебиеттерге жасалған жүйелік талдау барысында педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастыру мәселесі әлі де болса жеткілікті зерттелмегендігін көрсетті.

Ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау барысында имидж ұғымының мәні мен мазмұны ашылды, мәселен, психологиялық әдебиеттерде «имидж» қандай да бір тұлғаның мақсатты түрде қалыптастырылған бейнесі, оны ерекшеліндіріп көрсетіп тұратын құндылықтық сипаттамаларынан және қандай да бір белгілі бір мақсаттармен эмоционалды-психологиялық ықпал жасауға бағытталатын бейнесі деп анықталған. Сонымен бірге қазіргі уақытта «имидж» термині өзін-өзі презентациялау, адамның өзінің бейнесін басқалар үшін конструциялау деген де анықтама беріледі. Имидж адамның ішкі әлемін сипаттайтын оның сыртқы бейнесінің көрінісі. Мәселен, Э. Сэмпсон «тұлғалық имидж адамның суреті, ол адамның ішкі әлемін регламенттеуші, жеткізуші» дей келе имидж адамның ішкі және сыртқы факторларының үйлесімділігі деп көрсетеді. Осылайша, кәсіби имидж бұл оның сыртқы түрі, мінез-құлқы, қарым-қатынасы, білімі мен дағдылары туралы басқа адамдардың қабылдауы.

Кәсіби имидждің мазмұны, яғни құрылымы туралы зерттеуші И.В. Гусева, А.Н. Куликова өз зерттеуінде педагог-психолог имиджі келесідей құрамдас бөліктерден құралады деп анықтайды [7]: оның сыртқы визуалды бейнесі (костюмі, шаш үлгісі, мимикасы), ішкі бейнесі (дауысы, басым эмоционалды жағдайы, темпераменті), менталитет. Педагог-психологтың сыртқы бейнесінде оның ішкі мәдениеті және өзін-өзі құрметтеуі проекцияланады. Вербальды және вербальды емес қарым-қатынас құралдары, ол көрсететін жестері, мимикасы, тұрысы, сөздік интонациясы оның имиджінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл аталғандардың барлығы педагог-психологтың білім беру мекемесіндегі іс-әрекетінің тиімділігіне әсер етеді, сондықтан трансверсальды дағдылардың бірі қарым-қатынас орнату дағдысын жетілдіре түссе, болашақ педагог-психолог өзінің вербальды және вербальды емес қарым-қатынас құралын ойдағыдай етіп дамыта алады. Педагог-психологтың имиджінің бұл құрамдас бөлігі клиентпен алғашқы кеңесте басты роль атқарады, оған деген сенімді қалыптастыруға ықпал етіп, жұмысының дұрыс бағытта өрбуіне себепші болады.

Н.П.Болатованың анықтауынша педагог-психологтың кәсіби имиджі мыналардан құралады: сыртқы келбеті, вербальды имиджі - дауыс тембрі, сөйлеу мәнері мен стилі; вербальды емес имиджі – тұрысы, жүрісі, жестері, мимикасымен қоса ментальды имиджі – дүниетанымы, құндылықтары, принциптері, этикалық ұстанымдары деген құрамдас бөліктерді қосады[8]. Бұл аталған құрамдас бөліктер кәсіби имидждің ішкі мазмұнын сипаттайтын, оның кәсіби іс-әрекетін жүзеге асыруға ықпал ететін компоненттер. Н. Болатова кәсіби имидждің басты құрамдас бөліктерінің бірі –кәсіби құзыреттіліктер деп көрсетіп, олар кәсіби іс-әрекетті тиімді орындаудың басты кепілдерінің бірі деп анықтайды.

Кәсіби имидж мазмұнына жасалған талдаулар нәтижесінде оның мазмұны трансверсальды дағдылардан құралатыны байқалды. Осылайша трансверсальды дағдылары мен кәсіби имиджі арасындағы өзара байланыс мыналардан көрініс табады:

- Қарым-қатынас: қарым-қатынастың тиімді дағдылары педагог-психологқа әріптестері, оқушылары, ата-аналарымен жағымды қатынас орнатуға көмектеседі. Жағымды қарым-қатынас педагог-психологтың кәсіби имиджін жақсартып түседі, себебі оларды тыңдай алатын, өз ойларын анық жеткізетін, басқалардың пікіріне сыйластықпен қарайтын адам

ретінде қабылдайды. Сондықтан қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға назар аудару қажет.

- Мәселелерді шешу: мәселелерді тиімді шеше алатын мамандар құзыретті және сенімді маман ретінде қарастырылады, сондықтан да болашақ педагог-психологтарды ситуацияны талдай алуға, шешімдер шығаруға және негізделген шешімдер қабылдауға үйрету қажет, соның негізінде оладың болашақта жағымды кәсіби имиджінің қалыптасуына ықпал етеді.

- Өзгерістерге бейімделу: жылдам өзгеріп жатқан қоғамда жаңа жағдайларға бейімделе алу қабілеті маңызды қабілет. Себебі педагогикалық процесс бұл динамикалы процесс, ал педагог-психолог осы процесс барысында туындап отырған әртүрлі ситуацияларға жылдам бейімделе алуы керек және дұрыс шешім қабылдауы қажет.

- Пәнаралық ынтымақтастық: топта жұмыс жасау және басқа сала адамдарымен ынтымақтастық орнату алу қабілеті. Педагог-психолог оқушы, ата-ана, педагогикалық ұжым және қоғам өкілдерімен қарым-қатынас жасайтындықтан осы субъектілермен бірлесе жұмыс жасай алуы, ынтымақтастықта бола алуы аса маңызды.

- Лидерлік: бұл дұрыс шешім қабылдау, басқаларға ықпал ете алу, ұйымдастырушылық, басқарушылық дағдылардың болуын қажет етеді. Педагог-психолог мектепте психологиялық қызметті ұйымдастырушы басты тұлға болғандықтан оның бойында лидерлік дағдыларының болуы кәсіби имиджінің жағымды түрде қалыптасуына ықпал етеді.

- Ақпараттық коммуникациялық технологияларды меңгеруі: бұл педагог психологтың кәсіби іс-әрекетінде маңызды құралдардың бірі, ақпаратты жеткізу, тарату, өңдеу кезінде таптырмас құрал және цифрлық ортада өзінің кәсіби имиджін ұсынуда да маңызды құрал. Сондықтан болашақ педагог-психологөзінің кәсіби қалыптасуы барысында АКТ игеру, цифрлық құзыреттіліктерді меңгеруіне назар аударуы керек.

Сонымен қатар, педагог-психолог келесідей тұлғалық қасиеттерге ие болуы керек: саналылық, шыдамдылық, толеранттылық, кең жүректік, әділеттілік, жауапкершілік, эмоционалды тұрақтылық, сезгіштік, табандылық, қуаттылық, эксперимент және талдауға бейімділік және т.б. сапалар. Тұлғалық сапалар маманның кәсіби имиджінің түп негізі болғандықтан тұлғалық сапаларды да жетілдіру аса маңызды. Осылайша, кәсіби имидж – бұл маманның визит картасы, үйлесімді-функционалды имиджге қол жеткізу үшін оның тұлғалық сапалары, кәсіби сапалары және трансверсальдық дағдыларының үйлесімді болуы қажет.

Сонымен, жоғарыда келтірілген трансверсальды дағдылардың сипаттамасынан педагог-психологтың кәсіби имиджін қалыптастыруда және оны дамытуда шешуші роль атқаратындығын байқауға болады. Бұл осы маңызды дағдыларды білім алушыларда өнімді және саналы түрде қалыптастыруға мән беруді және оны кәсіби деңгейде ұйымдастыра алу болашақ педагог-психологтардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуына ықпал етеді.

Трансверсальды дағдылар болашақ педагог-психологтың кәсіби имиджін қалыптастыруда аса маңызды роль атқаратынын ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдаулар дәлелдей түсті. Сол талдаулар негізінде педагог-психологтың кәсіби имиджін трансверсальды дағдылар арқылы қалыптастыруда келесідей әдістер мен бағыттарды қолдануға болады деген тұжырым жасалды:

- Оқыту және дамыту. Педагог-психологтар өздерінің трансверсальды дағдыларын дамыту үшін кәсіби оқыту және дамыту процесіне қатыса алады, ұйымдастырылатын педагогикалық процеске, атап айтқанда семинарлар, вебинарлар, курстар және басқа да ұйымдастырылған оқыту формаларына белсенді қатысуы.

- Рефлексия – трансверсальды дағдылардың дамуының маңызды құралы, себебі педагог-психологтар рефлексияны өздерінің басым тұстарын бағалау үшін және осал тұстарын жетілдіре түсу үшін, өз дағдыларын дамыту үшін стратегияларды құрастыра отырып қолдана алады.

- Практика – трансверсальды дағдыларды дамытудың басты элементі. Болашақ педагог-психологтар өздерінің күнделікті іс-әрекетін өздерінің трансверсальды дағдыларын дамыту мүмкіндігі ретінде қарауы қажет.

- Кері байланыс – педагогикалық процесте білім алушылар мен оқытушылар тарапынан берілетін кері байланыстар негізінде оларды өзгелер қалай қабылдайтынын байқап, соның негізінде өз дағдыларын жетілдіре алады.

- Модельдеу – жоо педагогикалық процесс барысында өздерінің болашақ кәсіби имиджін қалыптастыру үшін трансверсальды дағдыларды дамыту моделін құрастыру арқылы өздерінің дағдыларын дамыта алады. Бұл жоғарыда аталған әдістер мен бағыттар болашақ педагог-психологтың нақты ситуацияларына сәйкестендіріліп, қажетті өзгерістерді енгізе отырып коррекциялану негізінде жүзеге асуы керек.

Сонымен, педагог-психологтың кәсіби имиджін қалыптастырудағы трансверсальды дағдылар ас маңызды, өйткені коммуникативтік қабілеттер, мәселелерді шешу, топта жұмыс жасау мен ынтымақтастық, лидерлік, ақпараттық сауаттылық және басқа дағдылар педагог-психолог қызметіндегі басты маңыздылыққа ие дағдылар, солардың негізінде оның нормативтік заңдармен бекітілген функциональдық міндетті қызметтері жүзеге асады. Сондай-ақ трансверсальды дағдылар ауыспалы дағдылар болып табылады, яғни оларды педагог-психологтың кез-келген кәсіби іс-әрекеті барысында қолдануға болады. Трансверсальды дағдыларды болашақ педагог-психологтарды оқыту барысына, яғни білім беру бағдарламаларына белсенді енгізу арқылы болашақ кәсіби білікті мамандарды қалыптастыра аламыз. Сондықтан да болашақ педагог-психологтарды даярлауда білім беру бағдарламаларына трансверсальды дағдыларды белсенді енгізу арқылы кәсіби білікті мамандарды даярлап, оларды жылдам өзгеріп отырған қоғам сұраныстарына жауап бере алатын маман ретіндегі кәсіби имиджінің қалыптасуына ықпал етеді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulattyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959>
2. Отарова Т. Трансверсальная компетентность: важность в системе образования: *Вестник национального университета имени Аль-Фараби*, 2021, №1 серия "Педагогические науки", <https://doi.org/10.26577/JES.2021.v66.i1.02>
3. Мухидова О.Н. Значение трансверсальных компетенций в подготовке будущих учителей //Педагогика и психология в современном мире: теоретические и практические исследования,-2023,-№1 <https://wordlyknowledge.uz/index.php/PPSM/article/view/721>
4. Шульц О.Н., Ильина Н.Н. О возможности формирования трансверсальных компетенций в профессионально-педагогическом вузе https://elar.rsvpu.ru/bitstream/123456789/38462/1/978-5-8295-0798_5_2021_070.pdf?ysclid=lv5hxrww7w422084192
5. Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары 2022 жылғы 26 тамыздағы № 29288 бұйрығы <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-bilim/press/article/details/144378?directionId=2373&lang=kk&ysclid=lv52ywii2a450481590>
6. Polat, S. (2023). Evaluation of Image Studies in the Field of Education: A Systematic Literature Review. *Research in Educational Administration & Leadership*, 8. <https://doi.org/10.30828/real.1248610>
7. Гусева И.В., Куликова А.Н. Имидж педагога-психолога как фактор эффективности профессиональной деятельности <https://izron.ru/articles/aktualnye-voprosy-psikhologii-i-pedagogiki-v-sovremennykh-usloviyakh-sbornik-nauchnykh-trudov-po-ito/sektiya-15-psikhologiya-truda-inzhenernaya-psikhologiya-ergonomika/imidzh-pedagoga-psikhologa-kak-faktor-effektivnosti-professionalnoy-deyatelnosti/?ysclid=lv3e2s2gc9341502309>
8. Болотова Н.П. Имидж как фактор успешной профессиональной деятельности педагога-психолога /Н.П. Болотова, Л.В. Марова.- //Образование: прошлое, настоящее и

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ - БАСТЫ МІНДЕТ

Есекешова Марал Дүйсенеевна

п.ғ.к., доцент, Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті, Астана қ., Қазақстан

Тастанбекова Нурсауле Джаксибаевна

PhD, аға оқытушы, Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті, Астана қ., Қазақстан

Аубакиров Адил Каирбекулы

1 курс магистранты, Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті, Астана қ., Қазақстан

Аңдатпа. Көшбасшы позициясы мұғалім үшін маңызды, өйткені ол білім сапасын арттыруға, оқу, тәрбие, даму процесіне әсер етуге, сондай-ақ білім алушыларды білім алуға ұмтылуға ынталандыруға қабілетті. Мақалада білім беру тұрғысынан көшбасшылыққа теориялық зерттеулер жүргізілді, жалпы кәсіптік даярлау процесінде дамытуға болатын білім алушының көшбасшылық шарттары мен қасиеттері анықталды. Көшбасшылық қасиеттер білім алушылардың қызметін тиімді басқаруға мүмкіндік береді деген қорытынды жасалады.

Аннотация. Позиция лидера важна для учителя, так как он способен повышать качество образования, влиять на процесс обучения, воспитания, развития, а также мотивировать учащихся стремиться к получению знаний. В статье проведены теоретические исследования лидерства с точки зрения образования, определены условия и качества лидерства обучающегося, которые можно развивать в процессе общепрофессиональной подготовки. Делается вывод, что лидерские качества позволяют эффективно управлять деятельностью обучающихся.

Annotation. The position of a leader is important for a teacher, as he is able to improve the quality of education, influence the process of learning, upbringing, development, and motivate students to strive for knowledge. The article presents theoretical studies of leadership from the point of view of education, defines the conditions and qualities of student leadership that can be developed in the process of general professional training. It is concluded that leadership qualities make it possible to effectively manage the activities of students.

Түйінді сөздер: көшбасшылық, басқару, тәрбиелеу, технологиялық өзгеріс, кәсіби бейімделу, көшбасшылық әлеует

Ключевые слова: лидерство, управление, воспитание, технологические изменения, профессиональная адаптация, лидерский потенциал

Keywords: leadership, management, education, technological changes, professional adaptation, leadership potential

Қазіргі қоғам өсіп келе жатқан тұлғаға ерекше талаптар қояды. Бүгінгі таңда жеке тұлғаны дамытудың және әлеуметтік белсенді жастардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың тиімді әдістерін табу, қоғамға тез және мақсатты түрде қосыла алатын, қоғамдық және өндірістік мәселелерді шешудің жаңа жолдарын жедел таба алатын әлеуетті көшбасшыларды тәрбиелеу мәселесі ерекше өткір тұр. Қазіргі заманғы еңбек нарықтарының қажеттіліктеріне жауап беретін маман даярлау үшін кәсіби құзыреттіліктің бір бөлігі бола алатын жеке қасиеттерді қалыптастыруға назар аудару қажет, өйткені дәл осы қасиеттер